

**«Өзен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің  
әдістеме бірлестігінің 2022-2023 оқу жылының  
жылдық есебі.**

**Ә/б жетекшісі: Онгарбай Жанерке**

**2022-2023 оқу жылы**

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің  
әдістеме бірлестігінің 2022-2023 оқу жылының  
жылдық есебі.**

Тақырыбы: 2022-2023 оқу жылында бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің проблемелық тақырыбы: Білім беру мазмұнының жаңарту жағдайында мектептегі бастауыш сыныпты оқытудың инновациялық проц есін енгізу.

Мақсаты:Білім беру барысында оқытудың жаң технологияларын тиімді әрі дұрыс пайдалану:оқушының тіл байлығын, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту,шығармашылыққа баулу; рухани адамгершілікке,патриоттыққа тәрбиелеу. Міндеті:

- оқу әрекетінің негізгі дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың оқуға деген қызығушылығын,шығармашылық қабілеттерін,жеке тұлғасын дамыту.
- Өзіне және айналасындарғаоң қарым-қатынас жасай алуға,адамгершілік пен эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу

Бастауыш әдістеме бірлестігінде барлығы 7 мұғалім қызмет етеді.1мектепалды даярлық тобында,2 балабақша тәрбиешілері еңбек атқарады.Мұғалімдердің барлығы бастауыш сынып,тәрбиешілер бойынша өз білім жетілдіру курсынан өтті.Оқу жылының басынан әдістеме бірлестігінің жоспары 1отырыста құрылып,бекітуге ұсынылды. Әдістеме бірлестігінің 2 отырыс өтті.мұғалімдердің күнтізбелік –тақырыптық жоспары талданып,тексеріліп,бекітуге ұсынылды.Пән апталықтарының жоспары құрылды.Апталықта пән бойынша жауап беретін мұғалімдер белгіленіп, бөлінді.Әр отырыста оқылатын баяндамалар тақырыбы,апталықта өткізілетін ашық сабақтар тақырыбы белгіленді.Әр ұстаз әдістемелік тақырыптарын ары қарай жалғастыратынын айтты. Ә/б жетекшісі журнал толтыру және дәптермен жұмыс барысында толтырылуы, бағалау, тексеру ережелерімен таныстырды. Оқу жылы бастала салысымен әр сынып жеткекшісі оқулықтармен әдістемелік нұсқаулықтарды кітапханашыдан алды.Оқушыларға тапсырды. Оқушылардың барлығы оқулықпен қамтылды.

Мұғалімдер мен оқушылардың жетістіктері:

Базарбаева Айгул «Менің Отаным -Қазақстан» атты республикалық «Ең үздік сурет» байқауына қатыстырғаны үшін Алғыс хатпен

1 дәрежелі дәрежелі Диплом «Дарында бала»Республикалық балалар мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған «Ең үздік сурет»

Тайшыбай Ерден

Ермеков Алишер

Имамагзамова Жанель

Калимжан Қайсар

«Кенгуру-математика барлығы үшін» Тайшыбай Ерден «Сертификат»



25қазан Республика күніне арналған іс-шара «Мемлекеттік рәміздерім мақтанышым» сурет сайысына белсене қатысқаны үшін «Мадақтама» берілді

4 сынып қашықтықтан өткізілген «Зерде олимпиадасы», математика пәнінен Сабыржан Мұхамеджан 2орын,Әдебиеттік оқу пәні 2 орын,қазақ тілі 3 орын Бақытқызы НұрсулуДипломмен марапатталды. Жаратылыстану пәні 3 орын Серік Амина, Республикалық «Мақатаев оқулары» Зорын Бақытқызы Нұрсулу Дипломмен ,Бекеева Дильназ жаратылыстану пәнінен Сертификатпен марапатталды.

1 сынып оқушылары: Леадер. кз Республикалық дарынды оқушылар порталының қолдауымен ұйымдастырылған жалпы республикалық байқауға қатысып, «Үздік суретші» атты шығармашылық байқауда

1 Дәрежелі Дипломмен Нұрбек Актілек,Қажымұхан Нұрмұхамед,Жеңіс Аяжан,Асылбек Жұлдыз,Тастемиров Али, 2 дәрежелі Дипломмен Сагандыков Арлан,Серік Інжу,Сабыржан Зере,Сабитова Айсана,Ауғанбекұлы Бердібек марапатталып, Наймантаева Алия «Алғыс хатпен» марапатталды.Тілдер күніне орай Өткізілген сайыста Сабитова Айсана Мадақтамаға ие болды.



Мектепішілік тәрбие,сыныптан тыс жұмыстарға белсене қатысты. Айт кететін болсам, «Бала тілі-бал», мәнерлеп оқу сайысы, Қыркүйек айында «Ана-тілім» тіл апталығына байланысты МӘНЕРЛЕП ОҚУ сайысы өтті. Онда мыны оқушылар «Мақтау қағызымен» марапаттылды. 2 сынып Тойшыбай Ерден,Қайсар, 3сынып оқушылары Асқар Ақылбек,Темірбек Ерасыл, Аузар Әсем, 4 сынып оқушылары Бақытқызы Нұрсулу, Тастемиров Амир,Бекеева Дильназ . Денсаулық күніне арналған «Денсаулық –зор байлық» эстафеталық ойындар,Жауапты мұғалім Онгарбай Жанерке, «Аяулы Алтын күз» ертеңгілікке жауапты Наймантаева Алия, мереке өте жақсы өтті ойындар ойналып,жұмбақтар жасырып, кеш көңілді өтті. Оқушылардың ой-өрісін дамытып, қиялын шыңдау мақсатында «Ертегілер елінде» атты ертегі қойылымдары болды.Даярлық тобы «Шалқан» 3сынып «Жеті лақ», 4 сынып «Үш қыз», 2 сынып «Шалқан», 1 сынып «Мақта қыз бен мысық» ертегілерін ойнады.Оқушылар рөлге еніп, өте қызықты болды. Әр сынып арнайы Мадақтамамен марапатталды.

Республика күніне орай «Менің Отаным-Қазақстан» атта салтанатты ісшараның жауапты Онгарбай Жанерке болды. Әсем, Ақылбек, Арсен,Бақытқызы Нұрсулу өленді мәнерлеп тамаша оқыды.

Тәуелсіздік күніне орай «Менің Қазақстаным-менің мақтанышым» атты іс шараға жауапты Айгул ұстаз болды. Желтоқсан құрбандары туралы бейне рөлік көрсетті. Оқушыларға өте түсінікті болды.

«Жаңа жылым, жарылқа!»атты мерекелік кешті Бейлхан Жайна жауаптанды. Әр сынып оқушылары Аяз атаға арналған, әндер, тақпақтарын,билерін билеп, мерекелік қойылым болып, кешті көңілді өткіздік.

1-4 сынып бойынша жалпы оқу жылының жарты жылдығын оқушы аяқтады.1 тоқсан бойынша

| сыныптар | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | 1 тоқсан |
|----------|------------|-----|-----|-----|----------|
| 1 «А»    |            |     |     |     |          |
| 2 «А»    | 5          | -   | 2   | 3   | 40       |
| 3 «А»    | 9          | -   | 6   | 3   | 66       |

|       |    |   |    |    |    |
|-------|----|---|----|----|----|
| 4 «А» | 8  |   | 2  | 6  | 25 |
|       | 22 | - | 10 | 12 | 45 |

2 тоқсан

| сыныптар | Оқушы саны | «5» | «4» | «3» | 2тоқсан |
|----------|------------|-----|-----|-----|---------|
| 1 «А»    |            |     |     |     |         |
| 2 «А»    | 6          | -   | 3   | 3   | 50      |
| 3 «А»    | 9          | -   | 6   | 3   | 66      |
| 4 «А»    | 8          | 1   | 2   | 5   | 37      |
|          | 23         | 1   | 11  | 11  | 52      |



Екінші жарты жылдық та жоспар бойынша әдістемелік отырыс өтті. Оқушылардың білім сапасын көтеру, оқу жылдамдықтарын қалай асыруға болатыны туралы мұғалімдер пікір алмастырдық. Жоспар бойынша ашық сабақтар өткізілді. Әр мұғалім өзінің шеберлігін көрсете білді. Бір бірімізден көптеген тәжірибе алмастық.

|    | Өткізілетін пән      | сынып         | күні     | Жауапты мұғалім  |
|----|----------------------|---------------|----------|------------------|
| 1  | Қазақ тілі           | 3 «А»         | 13.04.23 | Онгарбай Ж       |
| 2  | Сыныптан тыс жұмыс   | Даярлық тобы  | 17.04.23 | Сертай Алтынгүль |
| 3. | Математика негіздері | Даярлық тобы  | 26.04.23 | Сертай Алтынгүль |
| 4  | Ана тілі             | 1 сынып       | 20.04.23 | Наймантаева А.Х  |
| 5  | Қазақ тілі           | 4 сынып       | 19.04.23 | Бейлхан Ж        |
| 6  | Сынып жұмысы         | 3 сынып       | 19.04.23 | Онгарбай Ж       |
| 7  | Сыныптан тыс жұмыс   | 4сынып        | 14.04.23 | Бейлхан Ж        |
| 8  | Ана тілі             | 1 сынып       | 20.04.23 | Наймантаева А.Х  |
| 9  | Сыныптан тыс         | Шағын орталық | 12.04.23 | Даньярова Т.М    |
| 10 | жаратылыстану        | Шағын орталық | 18.04.23 | Даньярова Т.М    |
| 11 | жаратылыстану        | Шағын орталық | 13.04.23 | Уразова Г.С      |
| 12 | Сыныптан тыс жұмыс   | 1 сынып       | 12.04.23 | Наймантаева А.Х  |

Мақсатымыз: Жаңа технологияларды қолдана отырып, бір-бірімізден тәжіриде алмасу.

1 сынып мұғалімі. Наймантаева Алия «Ғарышкерлер күні» тақырыбында сыныптан тыс жұмыс, «Бас әріппен жазылатын сөздер» Ана тілі сабағы ашық сабақ өткізді. Сабақ өте жақсы деңгейде өткізілді. Оқушылар белсене қатысты. Оқушылар өз ойларын нақты айта білді. Ол Нұрмұхамед, Айсана, Бердібек т.б. Сабақ соңынан кері байланыс жасалып, оқушылар мадақталды.

Сабақтың тақырыбы:  
Ғарышкерлер күні



БАС әріппен жазылатын сөздер



3 сынып мұғалімі Онгарбай Жанерке «Әдептілік-тәрбие бастауы» сыныптан тыс жұмыс, «Есептік және реттік сан есімдерді қайталау» Қазақ тілі сабағы. Сабақ жақсы өткізілді. Оқушылар белсене қатысты, мұғалім сабақта, «Домино», «Тарсия», «Кездейсоқ сақина» әдіс –тәсілдерін қолданды. Мақал –мәтелдердің жалғасын тауып сабақ қызықты өтті.Оқушылар сабаққа белсене қатысты. Кері байланыс болды.Оқушылар бір-бірін және өз-өздерін бағалады.

3 сынып. Есептік және реттік сан есімді қайталау



«ӘДЕПТІЛІК-ТӘРБИЕ БАСТАУЫ»



4 сынып мұғалімі Бейлхан Жайна «Табиғат-жер ана» сыныптан тыс жұмыс, «Зат есімнің септелуі» қазақ тілі пәнінен ашық сабақтар өткізді.Ассоциация әдісі, видео көрсету, мазмұнын ашу тапсырмалары болды.жұптық, топтық жұмыстар болды. Семантикалық картамен жұмыс

жасалды.. Сабаққа оқушылар белсене қатысты.Оқушылармен кері байланыс болып, сабақ бағаланды.



Даярлық тобының мұғалімі Сертай Алтынгүл «Жыл мезгілдері» математика негіздерінен, «Ой мен ойын» сыныптан тыс жұмыс өткізді.Сабақта ай атаулары туралы видео көрсетілді, «Платпен жұмыс», жек жұмыс, тптық жұмыс болды. Оқушылар сабаққа жақсы қатысты. Кейбір оқушылардың тіл байлықтары нашар екені көрініп тұрды.Бірнеше әдіс -тәсілді қолданды. Сабақ өте қызықты өтті. Соңынан сабаққа кері байланыс жасалып,оқушыларға мадақтау сөздер айтты.



Мектеп оқушылар «Ақбота зияткерлік олимпиядасын қатысып, жүлделі орынға ие болды.Олар 2 сынып және 3 сынып оқушылары.



3сынып оқушылар «Үздік бастауыш сынып» оқушысы сайысына қатысып жүлделі орындарға ие болды.



2 және 4 сынып оқушылар аудандық «Хориграфиялық шығармашық» сайысқа қатысты. «Мадақтау қағазымен марапатталды. Олар : 4 сынып оқушылары Жолдаңғар Аиша, Серік Амина, Бақыт Нұрсулу, Тастеміров Амир, Доскарин Асылхан және 2 сынып оқушылары.

«Кадрдағы Ақмола» аудандық фотобайқауда «бізде мақтанатын адам бар, бізде сақтайтын нәрсе бар» атты сайысқа қатысып Доскарин Асылхан ІІ орын алды.



Ауданда жыл сайын өтілетін «Ғылымға алғашқы қадам» атты, «Ғылыми жоба» сайысына, тақырыбы: «Ақ ірімшік .Сары судың пайдасы.» 4 сынып оқушысы Бақытқызы Нұрсулу , /жетекшісі Бейлхан Жайна/ ІІІ ОРЫН АЛЫП ,Дипломмен марапатталды. Жоба өте жақсы деп бағаланды.



Мұқағали Мақатев атамyzдың оқуларын 4 сынып оқушысы Бақытқызы Нұрсулу қатысып Дипломмен марапатталды.

Мектепшілік «Абай оқулары» сайысы өткізілді. Оқушылар «Алғыс хат», Дипломдармен марапатталды.

Мұғалімдер өз білімін алмастыру мақсатында баспа беттеріне, интернеттігі сайттарға, әлеуметтік желілерге өз жұмыстарын салып отырады. Айтатын болсам Наймантаева Алия «БІ.Алтынсарин

» журналына өз сабағын жариялады. Ал Бейлхан Жайна «Қазақстан ұстаздары журналына» ашық сабағын шығарды.

Онгарбай Жанерке Уютуб каналындағы парақшасына үнемі өтілген ашық сабақты, сыныптан тыс жұмыстар, мәнерлеп оқу жұмыстарын салып отырды.

Екінші жарты жылдықта сыныптан тыс жұмыстар да уақытында өткізіліп отырды.

8 наурыз мерекесін әр сынып өздері аналарын құттықтады. Мерекелік іс-шара ұйымдастырды.

«Айғыс айтамын тақырыбында әр сынып өздері ұйымдастырды.

22 наурыз мерекесіне 4 сынып мұғалімі Бейлхан Жайна жауапты болды. Әр сынып өзіне берілген тапсырманы орындады. Мереке өте жақсы деңгейде өтті. Ән салып, би билеп, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық ойындар ойналды. Ата-аналар да болды. олар да үйлеріне көңілді оралды.

1 мамыр халықтар достығы мерекесінде Фестиваль «Сары ақпыз қарамыз, Ағайынбыз бәріміз!» атты іс шара өткізілді. Бұған жауапты Базарбаева А.О. әр ұлттық киімін киіп, тамағын таныстырып, салт- дәстүрін көрсеттік.

7-Мамыр Отан қорғаушылар күні «Отан қорғауға әзірміз» тақырыбында Саптық әндер байқауы болды. Әр сынып өзіне берген тапсырмаларды нақтылы орындады.

Жыл соңында оқушылардың оқу үлгерімі тексеріліп, қорытынланды.

| Оқу үлгерімі |            |         |       |        |             |               |
|--------------|------------|---------|-------|--------|-------------|---------------|
|              | Оқушы саны | «5»     | «4»   | «3»    | I жарты жыл | Оқу үлгерімі% |
| Даярлық тобы | 9          |         |       |        |             |               |
| 1 сынып      | 9          | Жоғары2 | Орта3 | Төмен4 | -           | -             |
| 2сынып       | 6          | -       | 3     | 3      | 50%         | 50%           |
| 3сынып       | 9          | -       | 6     | 3      | 66%         | 66%           |
| 4сынып       | 8          | 1       | 2     | 5      | 37%         | 37%           |
|              | 40/18/23   | 1       | 11    | 11     |             | 52%           |

Қорыта келе, жыл соңында мұғалімдер баспа беттеріне жазылып, оқушыларға жазғы демалыс өту кезеңдерін, лагерьге баратын кезеңдерін таныстырды. Жазғы қауіпсіздік ережелерімен таныстырды. Әр оқушы өзіне жауапкершілік алатынын айтылды. Ата-аналардан қолхат алынды.

Әдістеме бірлестігінің мұғалімдері отырыс жасап, келесі оқу жылының жоспарын әзірледік.

25 мамыр 2023жылы.

Әдістеме бірлестігінің жетекшісі: Онгарбай Жанерке